



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

18+

№ 42/738

22 октября 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

Президенттің жұмыс сапары

ПРЕЗИДЕНТ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРЫ МЕН ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНДА БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында өңірде атқарылып жатқан жұмыстармен, әлеуметтік-экономикалық бағыттағы жобалармен танысты, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына жұмыс сапары кезінде алдымен Жезқазған қаласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Өркен» мектеп-интернатына барды.

Президент заманауи құралдармен жабдықталған «Өркен-медиа», өлкетану, домбыра және арт-студия кабинеттерін аралап көріп, педагогтермен және оқушылармен әңгімелесті.



– Ғылым, білім деген өте маңызды. «Білімді мыңды жығады» деген даналық сөз бар. Білім – қазіргі аумалы-төкпелі заманда ең күшті, ең тиімді құрал. Білімді болсаң, барлық қиындықты еңсересің. Міндетті түрде. Сондықтан біздің мемлекетіміздің үлгілі, лайықты, абыройлы азаматтары болындар. Еліміздің болашағы сендердің қолдарыңда, – деді Мемлекет басшысы.

«Өркен» мектеп-интернатының оқушылары өлкетану кабинетінде Ұлытау өңірі мен Сарыарқаның тарихы, қасиетті орындары туралы оқиды. Қасым-Жомарт Тоқаев туған өлкенің және қазақ халқының тарихын білудің маңызды екенін атап өтті...

Мектепті аралап көру барысында Мемлекет басшысына Қарағанды облысында сапалы білім беруді қамтамасыз ету жөнінде берген тапсырмаларының орындалуы туралы баяндалды.

Өңірдегі 499 мектепте 206 мыңға жуық оқушы білім алады. Оның ішінде 21318 бала бірінші сынып оқушылары. Мектептердегі орын тапшылығына қатысты мәселені шешу үшін 2022-2025 жылдары 16 мектеп, оның ішінде үшеуі мемлекет-жекеменшік әріптестігі есебінен, сондай-ақ бір жеке мектеп салу жоспарланған. Биыл өңірде 166 мектеп жөн-деуден өткен және 2025 жылға дейін 299 мектеп жаңғыртылады деп жоспарланған...

Сапар барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір режимінде Қарағанды облысының Жәйрем кентінде жаңадан ашылған кен байыту кешенінің жұмысын ресми түрде іске қосты.

Кен байыту фабрикасының құрылысында 2500-ге жуық адам жұмыс істейді. Жәйрем кенті үшін жаңа жобаның іске қосылуы жаңа өмір мен дамудың зор келе-

шегіне жол ашады. Кен байыту кешені Қазақстанда мырыш пен қорғасын концентраттарын шығаратын ең ірі кәсіпорын болады. Өндірісте 400 адам жұмыспен қамтылады.

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысына аймақ үшін аталған жобаның маңызы зор екенін айтты. Жаңа фабрика шығарылатын өнім түрлері көбейеді және өндіріс көлемі 2,5 есе артып, 5 млн тоннаға дейін жетеді...

Президентке қазіргі таңда Қарағанды облысында 2 трлн теңгеден асатын қаражатқа 50 ірі инвестициялық жоба іске асырылып отырғаны жөнінде баяндалды. Биыл 14 жоба іске қосылып, аймақтың өнеркәсіп кәсіпорындарының инфрақұрылымына тартылатын инвестиция көлемі 230 млрд теңгені құрайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында Жезқазған өңірінің әлеуметтік дамуы мен минералды-шикізат базасын кеңейту жөніндегі «Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жоспарымен танысты.

«Қазақмыс Холдинг» директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай Президентке Қазақстан Республикасын 2025 жылға дейін дамытудың ұлттық жоспары негізінде Қарағанды облысының әкімдігімен бірлесе отырып, Жезқазған мен Балқаш өңірлерін дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасының әзірленгені жөнінде айтты. Бағдарламада негізгі үш бағыт қамтылған. Атап айтқанда, әлеуметтік қызметтердің деңгейін арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру және экономикалық даму.

Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында Ұлытау ауданындағы «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенін аралап көрді.

Президентке Жошы хан кесенесі, мұражай, Жошы хан ескерткіші, жорық шатыры және қонақүйден тұратын кешенің заманауи технологиялық мүмкіндіктері мен қордағы құнды жәдігерлер таныстырылды.

Мемлекет басшысы қасиетті тарихи нысанның үнемі ғалымдардың назарында болып, ғылыми айналымға түсуі керек екеніне баса мән берді.

– Келесі жылы шетелдің және еліміздің белгілі ғалымдарын шақырып, Алтын Ордаға байланысты үлкен халықаралық конференция өткізу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек өңірдің туристік әлеуеті туралы баяндама жасап, Президентке курорттық аймақтар мен тарихи-мәдени кешендерді дамыту жоспарын ұсынды. Жоспарға сәйкес Ұлытау, Қарқаралы, Балқаш аудандарының туризм саласындағы әлеуеті артып, сервистік және туристік инфрақұрылымдары дамитын болады.

Дерек-көз: www.egemen.kz.
Мәтін қысқартылуымен жарияланады. Сайттағы толық мәтінді оқу www.egemen.kz

19-Қазан – Құтқарушылар күні

ӘКІМ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

19-қазанда Қазақстанда Құтқарушылар күні еліміздің барлық аймақтарында аталып өтеді. Биыл төтенше жағдайларға қарсы қызметтің құрылғанына 26 жыл толып отыр. 1995-жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылған болатын. Осының негізінде 19-қазан Құтқарушылар күні болып белгіленді.

ТЖМ қызметкерінің беделі жоғары екеніне дау жоқ. Осы жұмыстың нәтижесі – мыңдаған құтқарылған өмірлер.

Осынау кәсіби мереке құрметіне Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев құтқарушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Құрметті Приозерск қаласының азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасының Құтқарушы-



Құтқарушылар азаматтық қорғанысының негізгі міндеттерін, құрылуы мен жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық қағида-тарын, мемлекеттік материалдық резерв қалыптастыруды, сақтауды және пайдалануды, апаттық құтқару қызметтері мен құралымдарының ұйымдастырылуы мен қызметін айқындайды. ҚР «Азаматтық қор-

лар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мамандықтың маңыздылығын асыра бағалау қиын, өйткені құтқарушылар жалпы мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі болып саналады. Сіздердің мамандықтың бекзаттығы сол табиғи, эпидемиологиялық, техногендік сипаттағы қиын жағдайда, түгін мен өрт кезінде, су тасқыны мен дауылды сәттерде, қатты нөсер мен қалың қар жауған шақтарда да бізбен бірге болу! Барлық жұмыс күндеріңіз тыныш болсын, ал келіп түскен қоңыраулар жалған болсын! Сіздерге, отбасыларыңызға амандық, зор денсаулық, үйіңізге бейбітшілік, сый-құрмет және ертеңгі күнге деген сенімділік тілеймін! – деді Сапар Сатаев мерекелік шараға жиналғандар алдында. Сондай-ақ, әкім құтқарушыларға құттықтау хат табыстады.



ғау» заңы бойынша іс-шараларды жүргізу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді әрі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын алдын алуға және жоюға, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге, өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Күн сайын қандай қиыншылыққа тап келсе де, ТЖ қызметкерлері мейірімділігі мен өз ісін абыроймен атқаруға бар ынталарымен кірісуде. Өткен уақыт аралығында елімізде мемлекетіміздің аумағындағы, сондай-ақ одан шеткері жатқан жерлердегі төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою бойынша тапсырмаларды жоғары деңгейде шешуге қабілетті, жедел әрекет ететін қуатты және шұғыл жүйесі қалыптасты. Бүгінде Қазақстан

Құтқарушы мамандығының ең басты міндеті - адамдар өмірін құтқару, бұл жоғары және жауапты миссия. Олардың басты міндеті – халықтың бейбіт өмірін, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, апаттық жағдайға жол бермеу. Апат айтып келмейді. Тосыннан болған апат кезінде азаматтарға бірінші болып көмекке ұмтылатын төтенше жағдайлар қызметінің құтқарушылары. Бұл іс кез келгеннің қолынан келе бермейді. Оған үлкен жүрек, машық, білім мен білік және тәжірибе керек. Әр өңірдегі департаментте де жедел құтқару жасағы, өрт сөндіру, апаттық медицина, судан құтқару секілді бірнеше құрылым бар. Құтқарушыларға физикалық жағынан мықты әрі кәсіби маман болу жеткіліксіз. Өйткені, олардың тынымсыз қызметінде апат, зіл-зала, өрттен бөлек түрлі жағдайларда зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсетуге де тура келеді.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ



Дін және қоғам

1992-жылдың 18-қазан күні сол кездегі ҚР Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Алматы қаласында Бірінші Бүкіләлемдік Рухани Келісім Конгресі болып өтті. Тәуелсіз Қазақстанның 30 жыл ішінде қол жеткізген маңызды жетістіктерінің бірі – қазіргі заманғы қазақ қоғамында ұлтаралық және дінаралық келісімге негізделген әлеуметтік тұрақтылық болып табылады. Сол кезде Қазақстанда адамзат тарихында тұңғыш рет барлық дін өкілдері, қоғамдық діни ұйымдардың өкілдері бас қосқан еді. Конгресінің 18-қазан күні өтуі кездейсоқтық емес. 1893-жылы Чикаго қаласында (АҚШ) осындай съезді шақыру тылшынысы болған. Сол күні съездге қатысушылар 18-қазан күнін Рухани келісім күні деп жариялауға шақырған манифест қабылдады. Осы кезден бастап Қазақстанда 18-қазан күні Рухани келісім күні ретінде тойланады. Біздің елімізде 130 этнос пен 17 конфессия өкілдері өмір сүреді.

Қазақстан ұлтаралық және конфессия-аралық келісімнің бірегей үлгісін жасады, мұны халықаралық сарапшылар да мойындап отыр. Этносаралық және конфессия-аралық келісімді сақтаудағы қазақстандық жолды қазіргі кезде көптеген елдер зерттеуде. Өкінішке орай, қазіргі қоғам әлеуметтік, этностық және діни дау-дамайлар себебінен мемлекеттік және әлеуметтік құрылысты тұрақсыздандыруға жасырын ықпал ететін көптеген қауіптерге толы. Рухани келісім көптеген елдер үшін бірінші кезектегі міндетке айналды. Осы жағдайда Қазақстан ұлттық бірлігіне негізделген тұрақтылықты көрсетіп отыр. Елімізде өмір сүретін этностардың ауыз-бірлігі мен төзімділігі қазақстандықтар үшін егемендік құру жолындағы күрделі кезеңдерден өтуге жәрдемдесті және әлі күнге дейін ел дамуына үлкен күш-қуат беріп отыр. Қазақстан тұрақтылықты еуразиялық кеңістікте ғана сақтап қалуға тырыспайды, сонымен бірге, бүкіл әлем діндері өкілдерінің арасында жаһандық

құрылымдық сұхбат құру бастамасын алға тартады.

Қазақстанда дін бостандығы жарияланған, және кез-келген адам өзіне жақын дінді таңдай алады. Бірақ, ең бастысы, ол – адамдардың тағдырын өзгертеуі, мемлекеттік саясатқа қарсы болмауы, мінезін бұзбауы тиіс. Қазіргі кезде діннің ахуалы діни бірлестіктердің ұдайы өсуімен ғана емес, діни құрылымдардың белең алған белсенділігімен де сипатталады. Ал, олардың қызметі бір мағыналы емес. Діни ағымдардың әр алуандылығына қарамастан, Қазақстанда конфессияаралық қайшылықтардың пайда болуы әбден мүмкін. Сондықтан қазақстандық ішкі саясаттың басты міндеті этносаралық келісімді, діни төзімділікті, конфессияаралық сұхбатты сақтап, нығайту ғана емес, діни экстремизмнің алдын алу болып табылады.

Приозерск қаласының имама Дәуіт Сейтқалиұлы Қожахметовпен дін және дінаралық қарым-қатынастар, татулық пен келісім жайлы, осы мәселеге байланысты

қаламыздағы дін өкілдері тарапынан атқарылып отырған жұмыстар төңірегінде жиі сұқбаттасып, талқылап отырамыз. Аталған сұқбатқа ауыл ақсақалдары да тартылып, өзекті мәселе бойынша қызу әңгіме өрбиді. Бұл басқосулардың басты мақсаты – бүгінгі таңдағы түрлі діни ағымдардың ықпалына еріп, жастардың ата діннен алшақтамауына, бабалардан мұра болып қалған ұлттық құндылықтарды оларға насихаттап, үлгі ету және дұрыс жолды таңдауларына ақпал жасау. Осындай жанды жұмыстың арқасында қалада ұлтаралық, дінаралық татулық пен келісім орын алған деп сеніммен айта аламыз. Мұндай ауызбірлікке ұлттық-мәдени бірлестіктердің қосып отырған үлесі де зор. Елімізде тыныштық, бірлік, достық қатынастар жақсы болғанда ғана зор табыс пен жетістіктерге жете аламыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ

Халық батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы ағамыз: «Адам өміріндегі – ең үлкен қуанышы бала сүйу», - деп, айтқандай, отбасын құрып балалы болу - бақыт, ал сол отбасының биік шаңырағының астында көп балалы болу – одан да үлкен бақыт болса керек...

Міне, осылай бес баланы дүниеге әкеліп, оларға тәлімді тәрбие беріп отырған Қарағанды облысының Приозерск қаласында орналасқан – «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету батальоны медициналық ротасының аға медбике көмекшісі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің

казіргі таңда, отбасындағы балашағаны асырауда отағасы Валихан ғана жұмыс істесе, көп балалы ана Меруерт бала күтімімен үйде отыр.

Күнделікті өмірдегі біте қайнасқан береке-бірліктің үйлескен жерін көп балалы отбасынан табуға болады. Жақында, көп балалы ана Меруерт Хуразованың отбасында болған 06708 әскери бөліміндегі әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру қызметінің штаттан тыс нұсқаушысы, келісімшарт бойынша әскери қызметші кіші сержант Кәмшат Айтқұрманқызы Батырбекова бастаған топ отбасындағы болып жатқан үлкен бір қуаныштың дәл үстінен түсті.

Айрандай ұйған көп балалы жаңуаның табалдырығын оң аяқпен аттап кірген әскери қызметшілер отбасында сол күні 1 жасқа толған Айзере қыздың тұсау кесер қуаныш-ты рәсімінің куәсі болды.

Тұсау кесу – қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерінің бірі, табаны жерге тиіп, тәй-тәй басқан сәбидің үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамы. Әскери қызметшілер отбасындағы қуанышты сәтті бірге бөлісіп, Айзереңіз тұсау кесуін көзбен көрді.

Халқымыздың «біреудің ала жібін аттамасын» - деген адал ниетін берік ұстанған жан ретінде, сәбидің тұсауын кесу бақыты - қуанышты бас қосуға арнайы шақырылған материалдық-техникалық қамтамасыз ету батальоны медициналық

ротасының аға медбикесі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналы Зульфия Нуримоваға бұйырды. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында көп жыл қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан ана Зульфия өмірге қадам басқан Айзереңіз аяғына ала жіпті байлап:



*Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам,
Қадамыңды қарайық,
Басқаныңды санайық.
Қаз-қаз, балам, жүре гой,
Балтырыңды түре гой.
Тай-құлын боп шаба гой,
Озып бәйге ала гой.
Қаз баса гой, қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,*

Отан – отбасынан

басталады

*Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы құлыным,
Желбіресін тұлғым,
Елгезек бол, ерінбе.*

Ілгері бас, шешіңбе,- деп өлеңдете отырып, тұсауын пышақпен тұсауын кесті.

«Әр баланың өз несібесі бар» - демекші, отбасы қуанышының қызған шағында әскери қызметшілерді бастап келген топ басшысы кіші сержант Кәмшат Айтқұрманқызы мектеп табалдырығын алғаш аттаған отбасындағы Мирансты да жана оқу жылымен құттықтап, әскери бөлімнің әскери қызметшілері дайындаған арнайы сыйлықты көпшілік алдында табыс етті.

Қазақ халқының танымал ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: «Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер» деген екен. Шынымен де, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Көп балалы отбасы – ол үлкен, бақытты, шаттыққа толы жанұя. «Балалы үй базар» - деп, дана халқым бекер айтпаған. Бала үйіміздің берекесі, көз қуанышымыз, жүрегіміздің жұбанышы және ұлтымыздың баға жетпес құнды қазынасы десекте болады.

Ендеше, отбасындағы өмірге талпынған кішкентайларымыздың қадамдары құтты болып, әрдайым жолдары ашық болсын!

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы



азаматтық персоналы Меруерт Сулайманқызы Хуразова еліміздегі көп балалы аналарға берілетін көмекті алады. Дәл

Жол жүру ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі!

Елімізде соңғы жылдары көптеген жол көлік оқиғаларының орын алуына орай, жеке құрамның өмірін сақтау мен жол жүру қауіпсіздік ережелеріне мән берудегі алға қойған жоспарды іс жүзінде атқару Приозерск гарнизонының басшылығы тарапынан қолға алынған. Осы ретте, аталған гарнизон аумағында орналасқан 06708 әскери бөлімінің жеке құрамымен «Жолда жүру ережесін сақтайық!» тақырыбында сабақ өткізілді.

Сабақ тақырыбы әскери қызметшілерге теория мақсатында басталып, көкейдегі

ЖОЛ ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІН БІЛУ – БӘРІНЕ МІНДЕТ!

туындаған сұрақтар талқыланды. Жеке құрамға жол жүру ережелерін өрескел бұзғандардың орын алған оқиғалары жайында деректі фильмдер мен бейнежазба түсірілімдері көрсетілді.

Келесі кезекте жол жүру қауіпсіздігі ережелерін сақтауға арналған сабақ бөлімінің әскери қызметшілеріне практика жүзінде іске асыру әдісімен өтізу қарастырылды. Мұнда жеке құрамның көлік тізгінін басқаруы, көлікпен жүру кезіндегі көрсетілген белгілер мен бағдарламға назар



аударуы, сонымен қатар жаяу жүру кезіндегі

ең себепсіз жолды кесіп өтпеуі және арнайы көрсетілген жолдармен жүруі сынды жол жүру ережелерін сақтаудың өзекті мәселелері пысықталды.

Аса жоғары ұйымшылдықпен өткен «Жолда жүру ережесін сақтайық!» тақырыбында сабаққа Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Есжан Оралбекұлы Батырбеков қатысты.

Думан Құрманғалиев
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

ХАЛЫҚ САНАҒЫНАН ОНЛАЙН ӨТУ МҮМКІНДІГІ ҚАЙТА ҚОЛЖЕТІМДІ

Санақтан онлайн өту мүмкіндігі тоқталып қалған соң еліміздің барлық өңірлерінен, әсіресе қалалардан онлайн санақ функциясы мерзімін ұзарту туралы көптеген өтініштер түсе бастады. Осыған байланысты сайтында онлайн сауалнама функциясын қайта қосу туралы шешім қабылданды.

Санақ сауалдарына арнайы sanaq.gov.kz

сайты, E-Gov порталы арқылы тіркеліп немесе Aitu мобильді қосымшасы арқылы жауап беруге болады. Онлайн өту мүмкіндігі халық санағы аяқталғанға дейін қолжетімді болмақ.

Айта кетейік, 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында онлайн-санақ функциясын азаматтардың 40 пайызға жуығы пайдаланған. 1 қазаннан бастап интервьюерлер

үй-үйді аралауды бастады. Олар қазірдің өзінде 5938259 адамға сауал салу жүргізді. Онлайн өткен респонденттер келген хабарламаны интервьюерлерге көрсетуі тиіс. Олармен сауалнама қайта жүргізілмейді.

Ұлттық статистика бюросы он жылдықтың маңызды шарасына ат салысуға шақыра отыра белсенділік танытып, халық



санағына қатысқан азаматтарға алғыс айтады! Қазақстанда әркім маңызды!

Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі



АНА ТІЛІ – ЕЛ ТІРЕГІ!

Өзекті мәселе!

Мемлекеттік тіл - Тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Әрине, ол - қазақ тілі. Демек, мемлекеттік тіл де – мемлекеттігіміздің негізгі атрибуттарының бірі, еліміздің тірегі. Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» - деп анық жазылған. Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл - ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» - деген Ахмет Байтұрсынұовтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-береке-тіміздің сақталып отырғаны - тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі.

Тіліміздің мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан! Тіл менгеруде ата-ананың рөлі ерекше екенін, әр отбасы уыз шағынан балаға қазақ тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің еш қиындығы жоқ. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші, өз ана тілін білмеген жаннан Отанын сүйетін, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жәйт. Шағын ғана қаламыздағы екі мектепте болғанымда, үзіліс кезінде балалардың орыс тілінде шүлдірлесіп тұрғанын байқап қаламыз. Олар қазақ сөзін оқытқан болса да, өзге тілде сөйлескенді мақұл көретіндер. Яғни, үйлерінде де орысша сөйлеседі деген сөз. Бұған қарап, ата-аналар балаларының қай тілде сөйлескеніне мән бермейтінін байқаймыз. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның азаматы деп есептейтін адамдардың тілі. Өзге тілді ұлт мектептеріне қазақ тілін негізгі пәндердің бірі ретінде қою тілді дамытуға жасалған дұрыс қадамдардың бірі деп айтуыма болады. Себебі, жоғарыда айтып кеткенімдей, өзін Қазақстанның азаматымын деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді білуі шарт деп ойлаймын. Дегенмен, осы өзекті мәселе еліміздің барлық жерінде

дұрыс жолға қойылған ба? Негізгі түйткүл осында...

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымының, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс тура-



лы ақпараттар толық беріледі. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл-адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениет-тілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы тілі мен психологиясына оның өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдетіп енгізу мәселесі үлкен маңыз алып отыр. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін басты-басты қадамдар жасалуда.

Тіл туралы заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылуының

бағдарламалары жасакталғаны, мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқып-үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз. Сол себепті басты жауапкершілік тіл мамандарына жүктеліп отыр. Ата заңының баптарында сонымен қатар «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы Заңда» айтылған басты мәселе мемлекеттік қазақ тілін дамыту. Қазақ халқының қаһар-

жасаған сыйы да – тіліміз. Ол – қасиетті де қастерлі ұғым. Оның бойында өзекті жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін, жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» заңның жүзеге асу барысын талқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударарымыз анық. Өйткені қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана мемлекеттік мәртебені талап ете алады. Жалпы мемлекеттік тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру бұл бұқаралық іске айналғанда ғана көздеген мақсатына жете алады. «Тіліміз құрып барады, құрдымға батып жатыр» - деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметін озық әдістемесін жасауда да БАҚ-тың атқарар қызметі мол болуы тиіс. Ең бастысы, қазір қазақстандықтар тарапынан мемлекеттік тілді қолдау және дамыту бағытында барынша мүдделік танытып отыр. Бүгінгі күні тілдерді дамыту жан-жақты қарастырылуда. Тіл тағдырына деген жеке адам ретінде жанашырлығымыз бен қамқорлығымыз артуда. Қазіргі таңда көптеген отбасылар (оның ішінде өзге ұлт өкілдері де баршылық) балаларын қазақ тілінде оқытатын мектептерге ана тілін жетік менгеру үшін беріп, оқытып жатқандары қуантарлық жағдай. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, «тамшыдан тама-тама дария болар» дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деген сенімдемін.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар?!. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі екенін мойындайық!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР ЖО мүшесі, ақын.

Социальная проблема

Торговля людьми – серьезная социальная проблема, несущая опасность для фундаментальных прав человека: на жизнь, на свободу передвижения, на то, чтобы не подвергаться пыткам. Торговля людьми включает в себя такие действия, как вербовка, транспортировка, передача, укрывательство людей. Она характерна для всех стран, и Казахстан не стал исключением. Безусловно, то, что подобные вопросы обсуждаются на государственном и международном уровне, - важный и положительный момент. Но было бы неплохо, если бы каждый гражданин был осведомлен о столь ужасном явлении.

КАК НЕ СТАТЬ ЖЕРТВОЙ ТОРГОВЦЕВ ЛЮДЬМИ

- Следует избегать соблазнительных предложений случайных или даже знакомых людей о работе, учебе или браке за границей. Ни в коем случае не доверяйте никому свои документы.

- Как правило, предложения быстрого, легкого и большого заработка не соответствуют действительности.

- Поинтересуйтесь, легальна ли деятельность приглашающих вас за границу фирм и сотрудничающих с ними на месте посредников. Проверьте информацию о приглашающей фирме через Интернет.

- Если вы намереваетесь работать за границей, заключайте договор с организацией в представительстве в вашей стране, а не после приезда в иностранное государство.

- Важно помнить, что, обращаясь в

фирму или агентство, предоставляющее возможности трудоустройства, необходимо убедиться, что данная организация имеет лицензию на соответствующий вид деятельности и работает официально.

- Позаботьтесь о том, чтобы договор был составлен на родном вам языке, чтобы иметь возможность понять все детали и условия. Не подписывайте договор сразу. Возьмите его с собой, перечитайте в спокойной обстановке и покажите его специалисту. Если условия договора вас не удовлетворяют, не подписывайте его.

- Обратите внимание на то, чтобы условия вашей будущей работы, место, время, размер заработной платы были четко сформулированы и обозначены. Также обратите внимание на условия медицинского обслуживания, проживания, питания.

- Работать в другой стране можно, только имея трудовую визу, не следует соглашаться на предложения о нелегальной подработке, на поездку по туристической визе.

- Рекомендуется сделать копии общегражданского паспорта, заграничного паспорта, билетов и хранить их отдельно от оригиналов. Необходимо оставить родственникам полную информацию о будущем местонахождении за границей, сообщить адрес и телефон фирмы, оформляющей выезд за рубеж, а также фамилии и паспортные данные ее руководителей. Необходимо перед поездкой придумать слово или фразу, которая будет означать, что вы в опасности и нуждаетесь в помощи. Бывают экстрен-

ТОРГОВЛЯ ЛЮДЬМИ

ные ситуации (в случае похищения, насильственного удержания), когда телефонный разговор проходит под контролем преступников, и единственная возможность

возможностью за всё расплатиться на месте.

- С особой осторожностью следует относиться к объявлениям следующего содер-

АДАМ САТУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА КАУПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ КОНСУЛЬТАЦИЮ ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО ВЫЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ КАЗАХСТАНА!

11616 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ

11616 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

дать знать родным, что вам нужна помощь, – вставить кодовую фразу. Это должна быть очень простая фраза, которая не вызовет подозрений у преступников.

- Также следует обращать внимание на несоответствие обещаемой заработной платы (слишком высокой) и той работы, которую предстоит выполнять.

- Не следует "вестись" на предложения об оплате проезда, проживания, питания с

жания: «Работа для девушек в качестве официанток, танцовщиц, стриптизерш и так далее. Профессиональная подготовка не требуется. Проезд, страховка, проживание оплачиваются работодателем», «Высокая оплата», а также к таким объявлениям, где указан только номер мобильного телефона и нет телефона и адреса офиса фирмы.

КГП Приозерская городская больница

DVB-T2 ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛАЙ ОРНАТУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстанда цифрлық эфирлік телехабар таратуға кезең-кезеңімен көшу жүріп жатыр және digital TV-ға қатысты ақпараттық роликтер мен материалдарда «DVB-T2» аббревиатурасын естуге, көруге болады. Кейбір көрерменді «бұл не, ол нені білдіреді?», - деген сұрақ мазалауы мүмкін.

DVB-T2 – Digital Video Broadcasting-Second Generation Terrestrial және ағылшын тілінен аударғанда «Екінші буынды цифрлық жерүсті бейне хабарларын тарату» дегенді білдіреді. Қазақстанда ЦЭТВ бірыңғай стандарты ретінде DVB-T2 еуропалық стандарты таңдалды. Ол жиілік диапазонында бұрынғыдан көбірек цифрлық арналарды орналастыруға мүмкіндік береді. DVB-T2 бірегей желілік инфрақұрылым мен жиілік ресурстарында DVB-T-мен салыстырғанда теледидар желілерінің сыйымдылығын кем дегенде 30%-ға арттырады.

DVB-T2 стандартының артықшылығы – таратылатын пакеттегі арналар санын көбейту, «жергілікті» хабар таратуды ұйымдастыру және жоғары сапалы теледидармені дамыту мүмкіндігі, сондай-ақ эфир жиіліктерін босату.

Абоненттік құрылғыларда DVB-T2 стандартын қолдану цифрлық эфирлік телехабар тарату желілері арқылы қосымша қызметтер мен HDTV енгізуге мүмкіндік береді. Біздің еліміз біртіндеп ЦЭТВ-ға ауысатындықтан, қазақстандықтар теледидарларының DVB-T2 стандартында көрсетінін-көрсетпейтінін тексеруі керек.

Теледидар DVB-T2 стандартында жұмыс істейтінін қалай білуге болады?

Ол үшін нұсқаулықтағы техникалық сипаттамалар бөлімінде сандық стандартты қолдау элементін іздейсіз. Онда – DVB-T / T2 MPEG-4 деп жазылуы керек. Ғаламтордағы іздеу өрісіне өзіңіздің теледидар үлгісін енгізіңіз. Пайда болған бетте «барлық сипаттамалар», әрі қарай «сигналды қабылдау» тармағын іздейсіз. Егер сіздің теледидарыңыз цифрлық эфирлік стандартты қолдаса – DVB-T / T2 MPEG4 жазылуы керек.

Көптеген жаңа теледидарлар DVB-T2 стандартын қолдайды. Егер сіздің теледидарыңыз 2013 жылдан ертерек шығарылса, DVB - T2 сандық қабылдағышын сатып алу керек. Оны ресивер немесе теледидар тунері деп те атайды. Сондай-ақ, дециметрлік антенна қажет. Ресиверді қосу арқылы антеннаны орнату оңай. Ол үшін:

- дұрыс антеннаны таңдаңыз;
- қажетті опциялар жиынтығы бар теледидар тунерін таңдаңыз;
- қосылу схемасына сәйкес коммутация жасаныз.

Қай антеннаны таңдау керек?

Бөлме және көше антенналары болады. Тұрғын үй кешендерінің тұрғындары бірігіп бір антеннаны үйге қоя алады. Қаладағы жеке үйлерде сіз бөлме антеннасын қолдана аласыз, бірақ теледидар мұнарасы тікелей көрінуі керек. Телемұнарадан алыс орналасқан үйлердің тұрғындары үшін көше антеннасы қолайлы.

Сандық теледидар үшін қай ресиверді таңдау керек?

Ресиверлерге таңдау өте үлкен, бірақ цифрлық теледидарды қосу үшін бір ғана факт маңызды - DVB-T2 стандарты. Ресиверлер қосылу тәсілімен (RCA, HDMI, SCART және т.б.), сондай-ақ қосымша опциялармен ерекшеленеді. Құрылғының толық жиынтығына қуат көзі, қашықтан басқару пульті, нұсқаулық кіреді. Қуат көзі сыртқы немесе кіріктірілген болуы мүмкін. Сыртқысын сыңған жағдайда ауыстыруға болады, кіріктірілген – практикада тұрғысынан аз қолданысқа ие.

Антенна мен DVB - T2 сандық құрылғысын қалай орнатуға болады?

Ең алдымен, ең жақын мұнараны орналасқан жерін анықтау керек. Ол үшін онлайн қызметтерді пайдаланыңыз. Сізге ең жақын ЦЭТВ тарату нүктесін www.tsetv.kz сайтынан табуға болады. ЦТВ қамту картасын қолдана отырып, сіз өзіңіздің аумақта таратылатын арналар пакетін көре аласыз, қасында - хабар таратады, күтеді деген секілді статусы көрсетіледі.

Осыдан кейін антеннаны бекіту орны мен тәсілін анықтаңыз. Тарату сапасын жақсарту үшін көше антенналарын сигнал көзіне бағыттау керек. Антеннаны балконға немесе терезе жақтауына бекітіңіз. Әрі қарай кабельді цифрлық қабылдағышқа дейін өткізіңіз.

Антеннаны сандық ресиверге қалай қосуға болады?

Теледидарды желіден өшірген соң бір

ұшы қабылдағышқа, екіншісі теледидарға жалғанған RCA немесе HDMI кабелін қосамыз.

Одан кейін теледидардағы AV, HDMI сигнал көзін таңдаңыз. Ресивердің мәзір терезесі пайда болуы керек. Пульте бұл батырма SOURCE, TV/VIDEO, INPUT деп аталуы мүмкін. Қабылдағыштың пульті арқылы MENU батырмасын басыңыз.

Мәзір элементтерінен «ІЗДЕУ» батырмасын таңдап, «қолмен іздеу». UHF (DMV) диапазонын орнатуды ұмытпаңыз. Содан кейін сіз қуат және сигнал сапасының көрсеткіштерін көресіз.

Антеннаны әртүрлі бағытта бұрыңыз, идеалды позицияны таңдап, антеннаны бекітіңіз.

Мәзірде «ІЗДЕУ» — «Авто іздеу» таңдаңыз. Арналар автоматты түрде орнатылады.

Бүгінгі таңда DVB-T2 таратқыштары Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Алматы, Павлодар, Қостанай облыстарында және Шымкент қаласында жұмыс істейді. Бұл дегеніміз, егер сізде тиісті теледидар немесе қосымша құрылғы болса, 30-ға жуық арнаны еш кедергісіз тамаша сапада қабылдауға және көруге болады.

Сіздің елді мекеніңізде цифрлық сигнал мәселелері бойынша Call-орталыққа қалалық телефоннан 193 және ұлы телефоннан 7193 нөмірлері бойынша хабарласа аласыз - қонырау шалу тегін.

Көрсетілім көңіліңізден шықсын!

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Қауқарлы қоғамдық бірлестік

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ - СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ БЕЛСЕНДІ ОРГАНЫ

Республикалық қоғамдық бірлестік "Қазақстан Республикасы Судьяларының Одағы" 1996 жылғы 19 желтоқсанда республика судьяларының I съезінде құрылды, яғни биыл Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының құрылғанына жиырма бес жыл толып отыр.

Судьялар одағы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Конституциялық заңға, "Қоғамдық бірлестіктер туралы", "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Судьялар одағының" РҚБ Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

Судьялар одағы сот жүйесінің тәуелсіздігін арттырып, судьялар мәртебесін көтеруге, сот қызметін уақыт талабына сай жетілдіру бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл ұйымның аясында көптеген заңнамаларға, құқықтық актілерге өзгерістер енгізілді.

Бүгінде Судьялар Одағы сот жүйесінің белсенді органы. Ұйым мереке күндері сот жүйесі ардагерлерімен кездесу өткізу шараларын дәстүрге айналдырған.

Сонымен қатар спорттық шаралардың өтуі де осы ұйымның тікелей бастамасы және қолдауымен жүзеге асуда.

Қазіргі сот жүйеміз жаңа бағытта дамып келеді. Бұл сала елімізде толықтай жаңа технология бойынша жұмыс істейді. Қазір көпшілікке "Сот кабинеті" сервисі кеңінен танымал. Мысалы, «Smart-сот» және «Сот төрелігінің жеті түйіні»



бағдарламалары аясында «Онлайн-таласу», «Сот актілерінің заңдылығын тексеру» және «Сот істері мен материалдарының болуын тексеру» сервистері жұмыс істеп тұр. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын пайдалануға мүмкіндік беретін «Талдау» форумын, сотқа талап арыз, апелляциялық, кассациялық өтініш-хат беру кезінде мемлекеттік баж салығын төлеуге арналған «Электронды үкіметтің төлем шлюзі», «Төрелік» сот органдарының ақпараттық-талдамалық жүйесін, «Сотқа шақырту қағазы», «Сот құжаттарымен танысу», «Хабарлама бойынша сот құжаттарын көру».

Яғни елімізде сот жүйесінің толықтай жаңа технология бойынша жұмыс атқаруына Судьялар Одағы да белсенді түрде қолдау көрсетуде.

Қорыта айтқанда, жұртшылықтың сотқа деген сенімін арттыру мақсатында осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Б.А. Даупбаев,
Приозерск қалалық сотының
төрағасы

ҚЫСҚЫ КЕЗЕҢГЕ ӨТУ НАУҚАНЫ

«Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінде қару-жарақ пен әскери техниканы қысқы пайдалану мерзіміне көшіру жөніндегі жұмыстар қарқынды жүруде.

Аталған іс-шара санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен нормаларды сақтай отырып, жеке құрамға қауіпсіздік шараларының ережелерін жеткізу, қызмет көрсетудің тәртібін көрсету және қысқы кезеңде техникаларды пайдалану ерекшеліктерін түсіндіру жұмыстарымен басталған болатын.

Бөлім командирінің қару-жарақ жөніндегі орынбасары подполковник Андрей Боярскийдің айтуынша, қару-жарақ пен әскери техникаларды қысқы кезеңге көшіру барлық дәрежедегі командирлер мен әскери бөлімдегі дивизион командирлерінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасарларына жүктеледі. Ауа райының төмендеуіне қарай әскери қызметшілер сұйықтықтарды, сүзгіш элементтерді және тозған техниканың резеңке бұйымдары мен майларын ауыстырып, тораптар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсетуі қажет. Жауынгерлік машиналар паркінің аумағында тиісті тәртіппен қоймалар мен көлік тұрақтарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Әскери бөлімге қарасты барлық бөлімшелер қосалқы бөлшектермен, қажетті құралдармен және жанар-жағармайдың басқа да түрлерімен жабдықталған.

Әскери бөлімнің жауынгерлік машиналар паркінің аумағындағы атқарылып жатқан жұмыстардың жоспарлы түрде жүзеге асуын бақылауға келген бөлім командирі подполковник Есжан Бағырбеков бөлім жеке құрамының қару-жарақ пен әскери техникаларды қысқы кезеңге көшіру ауыстыру кезіндегі жұмыстарына жоғары баға берді. Қару-

жарақ пен әскери техникаларды қысқы кезеңге көшіруге жауапты тұлғаларға бір-қатар тапсырма берген подполковник Есжан Оралбекұлы: «Біздің әскери бөлімге тиесілі



барлық қару-жарақ пен әскери техникалар ақаусыз, кез келген ауа-райына дайын болуы керек. Жыл сайынғы еліміздің барлық жеріндегі Қарулы Күштерге тиесілі әскери бөлімдердегі жоспарға сай өтетін қысқы кезеңге ауыстыру жұмыстарының мандыздылығы өте зор. Себебі, жұмыс барысында техникалар толықтай тексеріліп, анықталған ақаулары қалпына келтіріледі. Қару-жарақ пен әскери техникаларды жақсы жағдайда ұстау – біздің басты міндетіміз!», – деп, өзінің көкейдегі ойын жеткізді.

Маусымдық жұмыстарды жүзеге асыру кезінде жауынгерлік және арнайы техниканың, сондай-ақ жеке құрам мен қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған әскери автокөліктердің техникалық жай-күйіне ерекше назар аударылатын болады.

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының баспасөз
хатшысы

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Раимбековой Асел Бекмурзаевны, умершей 02 сентября 2021 года. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г. Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107 Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сагпаева 15, Заказ № 42/738. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В. Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.